

ISSN 1991-3494

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

# Х А Б А Р Ш Ы С Ы

---

---

## ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

## THE BULLETIN

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES  
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

1944 ЖЫЛДАН ШЫҒА БАСТАҒАН  
ИЗДАЕТСЯ С 1944 ГОДА  
PUBLISHED SINCE 1944

5

---

---

АЛМАТЫ  
АЛМАТЫ  
ALMATY

2015

ҚЫРКҮЙЕК  
СЕНТЯБРЬ  
SEPTEMBER

Б а с р е д а к т о р

ҚР ҰҒА академигі

**М. Ж. Жұрынов**

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Айтхожина Н.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байпақов К.М.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Байтулин И.О.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Берсімбаев Р.И.**; хим. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Газалиев А.М.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Дүйсенбеков З.Д.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Елешев Р.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Қалменов Т.Ш.**; фил. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА академигі **Нысанбаев А.Н.**; экон. ғ. докторы, проф., ҰҒА академигі **Сатубалдин С.С.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбжанов Х.М.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішев М.Е.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Әбішева З.С.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Абсадықов Б.Н.** (бас редактордың орынбасары); а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Баймұқанов Д.А.**; тарих ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Байтанаев Б.А.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Давлетов А.Е.**; физ.-мат. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Қалимолдаев М.Н.**; геогр. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Медеу А.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Мырхалықов Ж.У.**; биол. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Огарь Н.П.**; техн. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Таткеева Г.Г.**; а.-ш. ғ. докторы, проф., ҚР ҰҒА корр. мүшесі **Үмбетаев И.**

Р е д а к ц и я к е ñ е с і:

Ресей ҒА академигі **Велихов Е.П.** (Ресей); Әзірбайжан ҰҒА академигі **Гашимзаде Ф.** (Әзірбайжан); Украинаның ҰҒА академигі **Гончарук В.В.** (Украина); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Джрбашян Р.Т.** (Армения); Ресей ҒА академигі **Лаверов Н.П.** (Ресей); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Москаленко С.** (Молдова); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Рудик В.** (Молдова); Армения Республикасының ҰҒА академигі **Сагян А.С.** (Армения); Молдова Республикасының ҰҒА академигі **Тодераш И.** (Молдова); Тәжікстан Республикасының ҰҒА академигі **Якубова М.М.** (Тәжікстан); Молдова Республикасының ҰҒА корр. мүшесі **Лупашку Ф.** (Молдова); техн. ғ. докторы, профессор **Абиев Р.Ш.** (Ресей); техн. ғ. докторы, профессор **Аврамов К.В.** (Украина); мед. ғ. докторы, профессор **Юрген Аппель** (Германия); мед. ғ. докторы, профессор **Иозеф Банас** (Польша); техн. ғ. докторы, профессор **Гарабаджиу** (Ресей); доктор PhD, профессор **Ивахненко О.П.** (Ұлыбритания); хим. ғ. докторы, профессор **Изабелла Новак** (Польша); хим. ғ. докторы, профессор **Полещук О.Х.** (Ресей); хим. ғ. докторы, профессор **Поняев А.И.** (Ресей); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); техн. ғ. докторы, профессор **Хрипунов Г.С.** (Украина)

Главный редактор

академик НАН РК

**М. Ж. Журинов**

Редакционная коллегия:

доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Н.А. Айтхожина**; доктор ист. наук, проф., академик НАН РК **К.М. Байпаков**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **И.О. Байтулин**; доктор биол. наук, проф., академик НАН РК **Р.И. Берсимбаев**; доктор хим. наук, проф., академик НАН РК **А.М. Газалиев**; доктор с.-х. наук, проф., академик НАН РК **З.Д. Дюсенбеков**; доктор сельскохоз. наук, проф., академик НАН РК **Р.Е. Елешев**; доктор физ.-мат. наук, проф., академик НАН РК **Т.Ш. Кальменов**; доктор фил. наук, проф., академик НАН РК **А.Н. Нысанбаев**; доктор экон. наук, проф., академик НАН РК **С.С. Сатубалдин**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Х.М. Абжанов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Е. Абишев**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **З.С. Абишева**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.Н. Абсадыков** (заместитель главного редактора); доктор с.-х. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Д.А. Баймуканов**; доктор ист. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Б.А. Байтанаев**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А.Е. Давлетов**; доктор физ.-мат. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **М.Н. Калимолдаев**; доктор геогр. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **А. Медеу**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Ж.У. Мырхалыков**; доктор биол. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Н.П. Огарь**; доктор техн. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **Г.Г. Таткеева**; доктор сельскохоз. наук, проф., чл.-корр. НАН РК **И. Умбетаев**

Редакционный совет:

академик РАН **Е.П. Велихов** (Россия); академик НАН Азербайджанской Республики **Ф. Гашимзаде** (Азербайджан); академик НАН Украины **В.В. Гончарук** (Украина); академик НАН Республики Армения **Р.Т. Джрбашян** (Армения); академик РАН **Н.П. Лаверов** (Россия); академик НАН Республики Молдова **С. Москаленко** (Молдова); академик НАН Республики Молдова **В. Рудик** (Молдова); академик НАН Республики Армения **А.С. Сагиян** (Армения); академик НАН Республики Молдова **И. Тодераш** (Молдова); академик НАН Республики Таджикистан **М.М. Якубова** (Таджикистан); член-корреспондент НАН Республики Молдова **Ф. Лупашку** (Молдова); д.т.н., профессор **Р.Ш. Абиев** (Россия); д.т.н., профессор **К.В. Аврамов** (Украина); д.м.н., профессор **Юрген Аппель** (Германия); д.м.н., профессор **Иозеф Банас** (Польша); д.т.н., профессор **А.В. Гарабаджиу** (Россия); доктор PhD, профессор **О.П. Ивахненко** (Великобритания); д.х.н., профессор **Изабелла Новак** (Польша); д.х.н., профессор **О.Х. Полещук** (Россия); д.х.н., профессор **А.И. Поняев** (Россия); профессор **Мохд Хасан Селамат** (Малайзия); д.т.н., профессор **Г.С. Хрипунов** (Украина)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан». ISSN 1991-3494

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы)

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации и архивов Министерства культуры и информации Республики Казахстан №5551-Ж, выданное 01.06.2006 г.

Периодичность: 6 раз в год

Тираж: 2000 экземпляров

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

www: nauka-nanrk.kz, bulletin-science.kz

---

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2015

Адрес типографии: ИП «Аруна», г. Алматы, ул. Муратбаева, 75

Editor in chief

**M. Zh. Zhurinov**,  
academician of NAS RK

Editorial board:

**N.A. Aitkhozhina**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **K.M. Baipakov**, dr. hist. sc., prof., academician of NAS RK; **I.O. Baitulin**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **R.I. Bersimbayev**, dr. biol. sc., prof., academician of NAS RK; **A.M. Gazaliyev**, dr. chem. sc., prof., academician of NAS RK; **Z.D. Dyusenbekov**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **R.Ye. Yeleshev**, dr. agr. sc., prof., academician of NAS RK; **T.Sh. Kalmenov**, dr. phys. math. sc., prof., academician of NAS RK; **A.N. Nysanbayev**, dr. phil. sc., prof., academician of NAS RK; **S.S. Satubaldin**, dr. econ. sc., prof., academician of NAS RK; **Kh.M. Abzhanov**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.Ye. Abishev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Z.S. Abisheva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.N. Absadykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK (deputy editor); **D.A. Baimukanov**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **B.A. Baytanayev**, dr. hist. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A.Ye. Davletov**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **M.N. Kalimoldayev**, dr. phys. math. sc., prof., corr. member of NAS RK; **A. Medeu**, dr. geogr. sc., prof., corr. member of NAS RK; **Zh.U. Myrkhalykov**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **N.P. Ogar**, dr. biol. sc., prof., corr. member of NAS RK; **G.G. Tatkeeva**, dr. eng. sc., prof., corr. member of NAS RK; **I. Umbetayev**, dr. agr. sc., prof., corr. member of NAS RK

Editorial staff:

**E.P. Velikhov**, RAS academician (Russia); **F. Gashimzade**, NAS Azerbaijan academician (Azerbaijan); **V.V. Goncharuk**, NAS Ukraine academician (Ukraine); **R.T. Dzhrbashian**, NAS Armenia academician (Armenia); **N.P. Laverov**, RAS academician (Russia); **S.Moskalenko**, NAS Moldova academician (Moldova); **V. Rudic**, NAS Moldova academician (Moldova); **A.S. Sagiyan**, NAS Armenia academician (Armenia); **I. Toderas**, NAS Moldova academician (Moldova); **M. Yakubova**, NAS Tajikistan academician (Tajikistan); **F. Lupaşcu**, NAS Moldova corr. member (Moldova); **R.Sh. Abiyev**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **K.V. Avramov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine); **Jürgen Appel**, dr.med.sc., prof. (Germany); **Joseph Banas**, dr.med.sc., prof. (Poland); **A.V. Garabadzhiu**, dr.eng.sc., prof. (Russia); **O.P. Ivakhnenko**, PhD, prof. (UK); **Isabella Nowak**, dr.chem.sc., prof. (Poland); **O.Kh. Poleshchuk**, chem.sc., prof. (Russia); **A.I. Ponyaev**, dr.chem.sc., prof. (Russia); **Mohd Hassan Selamat**, prof. (Malaysia); **G.S. Khripunov**, dr.eng.sc., prof. (Ukraine)

**Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.**

**ISSN 1991-3494**

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty)

The certificate of registration of a periodic printed publication in the Committee of Information and Archives of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan N 5551-Ж, issued 01.06.2006

Periodicity: 6 times a year

Circulation: 2000 copies

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://nauka-nanrk.kz/>, <http://bulletin-science.kz>

---

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2015

Address of printing house: ST "Aruna", 75, Muratbayev str, Almaty

**CONCEPTUAL BASIS OF THE NOTION “SECURITY”****M. O. Nassimov, K. K. Kaldybay, B. Z. Paridinova**University “Bolashak”, Kyzylorda, Kazakhstan.  
E-mail: nasimov\_m@mail.ru**Key words:** danger, security, nature, society, person.**Abstract.** At the beginning of the XXI century, work on social, economic, political and cultural areas of research safety. Scientists along with the definition of the concept of security, sought to reveal her views.

Turn of the century characterized the emergence of new concepts and examples of national security in the world. All this is concretized through the understanding of the nature of current world problems with the appearance of objective and subjective factors, and formation of a new world order affects the changes in the global geopolitical situation. However, the fact that the current global, international issues and trends are a danger to the national security of many countries is no secret.

Therefore, we believe the faithful, conscious action to which modern philosophy will resort to national security, taking into account the new trends in the development of society, as well as taking into account the interests of the state, society and its citizens in the implementation of state policy in the safe environment of harmony of international and national factors. In this article security are considered as a difficult welfare phenomenon and is defined its conceptual bases.

УДК 1(574)

**«ҚАУІПСІЗДІК» ТҮСІНІГІНІҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ НЕГІЗДЕРІ****М. Ө. Насимов, Қ. Қ. Қалдыбай, Б. Ж. Паридинова**

«Болашақ» университеті, Қызылорда, Қазақстан

**Тірек сөздер:** қауіп, қауіпсіздік, табиғат, қоғам, адам.**Аннотация.** ХХІ ғасырдың басында қауіпсіздікті зерттеудің әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді. Ғалымдар ұлттық қауіпсіздік ұғымын айқындаумен қатар, оның түрлерін ашуға ұмтылды.

Ғасырлар тоғысы әлем елдерінде ұлттық қауіпсіздіктің жаңа түсініктері мен үлгілерінің туындауымен ерекшеленді. Мұның барлығы қазіргі жаһандық мәселелер сипаттамасын ұғыну арқылы түрлі объективтік және субъективтік факторлардың пайда болуымен нақтыланып, жаңа әлемдік тәртіптің қалыптасуы ғаламдық геосаяси жағдайлардың өзгеруіне ықпал етеді. Сонымен қатар, қазіргі жаһандық халықаралық мәселелер мен тенденциялар көптеген елдердің ұлттық қауіпсіздігіне өзінің қатерлерін тигізетіні жасырын емес.

Сондықтан қазіргі ұлттық қауіпсіздіктің философиясы әлемдік қауымдастықтың дамуындағы жаңа тенденцияларды ескере отырып, мемлекеттің қауіп-қатерсіз саясатын жүргізудегі халықаралық және ұлттық факторлар үйлесімділігі бойынша мемлекет, қоғам және азаматтардың мүддесін ескеріп саналы қимылдарға барғаны жөн деп санаймыз. Берілген мақалада қауіпсіздік күрделі әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастырылады және оның концептуалды негіздері айқындалады.

Адам дүниеге келгеннен бастап оның өмір сүруі мен әл-ауқаты мынадай көптеген қауіп төндіретін қатерлерден тұрады: ашаршылық, түрлі аурулар, жабайы жануарлар шабуылы, табиғи және техногенді апаттар. Бірақ, адам үшін ең қауіпті адамның өзі болып қала береді. Сондықтан адамзат қауымдастығының қалыптасуы мен дамуы табиғат, дұшпандар мен техникалық нысандардан туындайтын түрлі қатерлерді жеңуге бағытталған қауіптерден тұрды. Бұл тұста қоғам

дамуының маңызды шарттары ретінде қауіпсіздік феноменінің табиғатын айқындап, қамтамасыз ету жолдарының философиялық негіздерін белгілеу ғылыми жұмыстардың құндылығын арттыратындығын айта кеткеніміз жөн.

Адамды қауіпсіздікпен қамтамасыз ету алға қойылған міндеттерге жетудегі кез келген қызмет секілді ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық шарттарды қажет етеді. Бұл оның кешенді әлеуметтік-құқықтық құбылыс ретіндегі ерекшеліктерін көрсетіп, оның тиімді механизмдерін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Сондықтан қауіпсіздік түсінігін құбылыс ретінде қарастыру қоғамда жоғары қызығушылық туындатып отыр. Ол туралы саясаткерлер мен ғалымдардан бөлек төртінші билік өкілдері саналатын бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері жіті бақылауда. Мектеп қабырғасында «Өмір қауіпсіздігі негіздері» атты оқу пәні де енгізілген. Демек, біздің тақырыптың қоғамдық маңыздылығы жоғары екендігі байқалады.

«Қауіпсіздік» түсінігінің көп қырлылығы оның күрделі әлеуметтік құбылыс екендігін сипаттайды және «Табиғат-Адам-Қоғам» жүйесінде өзара қимылдардың барлық түрлері мен бағыттарымен тығыз байланысты.

Зерттеу жұмысының бастамасын ұғымның антиномиясы болып табылатын «Қауіп» түсінігінің мәнін айқындаумен жалғастырсақ. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы мынадай анықтама береді: «... жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қатерлерден қорғануы. Қауіпсіздіктің негізгі нысандары: жеке адам – оның құқықтары мен бостандықтары; қоғам – оның жадығаттық және рухани құндылықтары; мемлекет – оның конституциялық құрылымы, егемендігі, аумақтық тұтастығы» [1]. Сонымен қатар, Қазақ Совет Энциклопедиясында аталмыш ұғым жөнінде түсіндірме жоқ және антонимі болып табылатын «қауіпсіздік» түсінігі көрсетілмей, «қауіпсіздік техникасы» түсінігіне анықтама берілген [2].

Жалпы «қауіп» түсінігі «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «қатер» ұғымымен синонимдес екендігін көрсетеді [3].

«Қазақ әдеби тілінің сөздігі» атты он бес томдықта мынадай анықтамалар берілген: «Қауіп. – 1. Қорқыныш, үрей, сақтық. 2. Мәліметтерді абайсызда немесе әдейі бұзу, жария қылу және рұқсатсыз өзгерту, ақпаратты ұрлау және тағы осы сияқты әрекеттерден төніп тұрған қауіп». «Қауіп-қатер. 1. Адам өміріне зиянын, залалын тигізетін жағдай, нәрсе, оқиға. 2. Рұқсат етілмеген қатынас құру кезінде қандай да бір тәсілмен ақпаратты өндеуге тыйым салатын немесе ақпараттың бүлінуінен сақтайтын қызмет құралдарының істен шығуы» [4].

Сонымен бірге, С. Бизақовтың төмендегі анықтамасымен келісеміз: «Тосыннан кездесетін қиындық, қорқынышты жағдай» [5]. Сараптама нәтижелері көрсеткендей, ұғым мәні оның болу мүмкіндігімен ұштасып жатыр. Демек, «қауіпсіздік» түсінігінің ғылыми тұжырымдамасы мен философиялық негіздері оны алдын алумен тығыз байланысты екендігі айқын.

Кеңестер елі Ғылым Академиясының Орыс тілі институты өз сөздігінде қауіпсіздікке қарапайым ғана мынадай анықтама береді: «... кез келген денеге қауіп тудырмайтын жағдай» [6]. Ал, қауіпсіздік жөніндегі қазіргі заманғы энциклопедиялық сөздікте ұғымның 18 түсіндірмесі берілген [7].

С. И. Ожегов пен В. И. Дальдің орыс тілі сөздіктерінде көрсетілгендей, «қауіпсіздік – кез келген тірі жанға немесе затқа қатер туғызбайтын ахуал; қауіптен сақтану күйі; қауіптен қорғаныс» [8]; «қауіптің жоқтығы; амандық, сенімділік» [9].

Ресейлік саяси энциклопедияда: «Қауіпсіздік – адам, қоғам және мемлекеттің өмірге маңызды мүдделер мен негіздерден сенімді сақтану жағдай, әлемдік қауымдастықтың ішкі және сыртқы қатерлерден қорғалуы» [10], - делінген.

Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалықта: «Қауіпсіздік - тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерінің ішкі және сыртқы қауіп-қатерлерден қорғалу жағдайы. Қауіпсіздікті негізгі нысандары: тұлға – оның құқығы мен бостандықтары; қоғам – оның материалдық және рухани құндылықтары; мемлекет – оның конституциялық құрылысы, егемендігі мен аумақтық тұтастығы» [11].

«Қауіпсіздік – мемлекет, қоғам, тұлға мүдделерін жүзеге асыру жолында туындайтын жағымсыз құбылыстардан қорғану және оны қамтамасыз ету тәсілдері. Мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделерін сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден қорғау күйі». Қазақстанның әскери энциклопе-

диясында да қауіпсіздік ұғымына мән беріледі және әскери қауіпсіздік, достастық мемлекеттер қауіпсіздігі, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі, ақпараттық қауіпсіздік, халықаралық қауіпсіздік, саяси қауіпсіздік, экологиялық қауіпсіздік, экономикалық қауіпсіздік, ядролық қару қауіпсіздігі [12], - ұғымдарына анықтама берілген.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау мемлекеттің негізгі міндеті болып табылатындығын баршамыз білеміз. Бұл адамның өмір сүруі мен дамуындағы басты шарттардың бірі және оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігінің көрсеткіші. Демек, әлеуметтік жағынан толық қорғалған азамат өмір-салтының шарттарын әлеуметтік-экономикалық, саяси, құқықтық жиынтықтарын қорғайды. Адамның қауіпсіздігі жөнінде сөз етілсе, оның өмірі мен денсаулығы, құқықтары мен бостандықтары, ар-намысын қорғау мәселесі туындайды. Адамның қауіпсіздігін қорғаудың құқықтық категориясын айқындау арқылы өзге де мәселелер қарастырылуы тиіс деп ойлаймыз. Елдің орнықты дамуы ұзақ мерзімді және орташа мерзімді стратегиялар мен бағдарламаларға негізделетіні анық. Мемлекетіміздің негізгі заңы болып саналатын Қазақстан Республикасы Конституциясының 1 бабы бойынша «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, *оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары*» [13].

Қоғам қауіпсіздігі мемлекет қауіпсіздігінің кепілі. Қоғамда күрделі әлеуметтік қақтығыстардың жоқтығы әлеуметтік жүйедегі қоғам өмірі мүмкіндіктерін қауіпсіздіктегі рөлін айқындап, Ата заңымызда көрсетілген тұжырымдар қорғалады. Осы себептерге байланысты елімізде қалыптасқан азаматтық қоғамдағы қауіпсіздік мәдениеті төмендегі үш негізгі қағидаларға сүйенуі керек: 1) заңдылық және құқық тәртібі; 2) адамзаттың жаратылыс құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу; 3) қоршаған ортаға қауіп төндіретін жандарды қатал жауапкершілікке тарту және міндетті түрде жазалау. Сондықтан бұл қауіпсіздік мәдениеті адамдардың конструктивті байланыстар орнатудағы отбасы, қоғам, мемлекеттің құқықтық нормалары мен дәстүрлері бойынша қалыптасқан міндеттер және құндылықтарды қамтуы тиіс. Демек, «ақпараттандыру» ғасырындағы жаһандық қауіпсіздік негіздері қоғамда болуы мүмкін қауіптерді өркениетті түрде басқарумен тығыз байланысты. Бұл қоғам ішіндегі алдын алу мәдениетін қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Сондықтан, «мемлекеттің қоғамдық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруда мына мәселелер өз маңыздылығын жоғалтпайтындығы анық:

1) қоғамды біріктіруге мүмкіндігі бар, бір мезгілде қимылдар бағдарламасы сынды айқындалған идеология іспеттес дайындалған қауіпсіздік доктринасының болуы;

2) құқықтық негіздері – қоғам және оның құрайтын элементтер мүддені қорғауға мүмкіндігі бар заңдар мен құқықтық нормалар жүйесі (адамдар, әлеуметтік топтар, саяси және қоғамдық ұйымдар, қоғамдық сана және т.б.);

3) қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар жүйесі;

4) қауіпсіздіктің қоғамдық жүйесі – қатерлер мен қауіптерге қарсы тұру мүмкіндігіне ие тұрғындар белсенділігіне негізделетін үкіметтік емес, қоғамдық институттар мен ұйымдар жиынтығы;

5) демократиялық принциптерге негізделген қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралдары мен әдістерінің жүйесі» [14].

Әлеуметтік ғылымдарда қауіпсіздіктің қоғам үшін қаншалықты маңыздылығы туралы У. Бек [15], Э. Гидденс [16], Н. Луман [17], П. Штомпка [18], В.Н. Кузнецов [19] сынды зерттеушілер тұжырымдамаларында қарастырылған. Бұл еңбектер арқылы заманауи әлеуметтік ахуалды тәуекелділік қоғамындағы өмір ретінде сипаттауға болады. Қылмыс деңгейінің жоғарылығы, адам өмір деңгейінің құбылмалылығы, экологиялық апаттар, бюрократияның басымдығы, терроризм мен экстремизм қатерлерінің өршу қауіпі сөзіміздің дәлелі. Сондықтан, қазіргі таңдағы жаңғырту шарттарында бұл мәселені ғылыми негіздеу басымдығы мол әрекет.

Бүгінгі таңдағы жаһандану мен интеграциялық байланыстар шарттарында әлемдік білім беру кеңістігінде психологиялық қауіпсіздік мәселесі де өзекті саналады. Бұл әсіресе, түрлі ақпараттық факторлар ықпалымен адамның өмір-салтына әлеуметтік мінез-құлқы бағытындағы қимылдар бойынша психикалық қорғалуы мәселесі төңірегінде өз ерекшеліктерін кеңейтеді.

Мәселен, қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ішкі істер органдары қызметкерлерінің психологиялық дайындығы өте маңызды:

- «мотивациялық» (әрекетке түрткі болушы);
- танымдық (қоршаған ортаны түсінуге мүмкіндік беретін);
- эмоциялық;
- ерік-жігерлік;
- психомоторлық (қимыл-қозғалысты қамтамасыз ететін).

Мұның әрқайсысының жауынгерлік дайындықта алатын орны бар. Бұл қасиеттер жауынгерлік дайындықтың талаптарына сәйкес екіге бөлінеді: негізгі (жалпы) және қосымша (спецификалық). Егер қызметкерлердің, құқық қорғау органдары бөлімшелерінің мен топтарының жауынгерлік дайындық күйінің жоғары деңгейі бойынша арнайы шараларды қарастыратын болсақ, онда атқарылатын жұмыстың үш бағытын бөлуге болады.

Бірінші – оқыс орын алған жағдайға ширақ жауап қайтаруға және күнделікті қалыпты күйден, дайындықтан жігерлі әрі тиімді әрекеттерге көшуге арнайы оқыту. Қызметкерлер мен әскери қызметшілерді жауынгерлік және қызметтік дайындауда төмендегі жайттарға оқыту керек:

- оқыс, күтпеген жағдайлардың барлығын және сол жағдайларда әрекет ету тәсілдерін білуге;
- қызметкерлерге және әскери қызметшілерге оқыстан шабуыл жасау үшін қолданылатын қылмыскерлердің барлық қулықтарын, айла-тәсілдерін білуге;
- қауіпсіздік шараларына және жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету тәсілдеріне;
- күтпеген шабуыл кезінде өзін-өзі қорғау тәсілдерін қолдануға;
- қаруды қалыпты күйден қолдану күйіне «қарсыласынан» бұрын жылдам ауыстыруға;
- күнделікті көздеусіз атуға;
- қараңғы жағдайда атуға;
- қиын-қыстау жағдайдан шығу тәсілдеріне;
- негативті күйлерді жеңу тәсілдеріне.

Үйренушілердің бойында кәсіби қырағылықты, кез келген жағдайда батыл әрі ширақ әрекет етуге дайын болуды дамыту үшін жоғарыда көрсетілген жайттарды тәжірибеде қолдануға үйрету керек.

Екінші бағыт - жеке құрамның қырағылығын және күнделікті құқық қорғау іс-әрекетіндегі кез келген келеңсіздіктерге дайындығын үздіксіз сүйемелдеу.

Үшінші бағыт – қызметкерлердің оқыс және адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлардағы қырағылығы мен жауынгерлік дайындығын жоғары деңгейге дейін жоғарылатуды қамтамасыз ету. Бұл шаралар жетекшілердің және қызметкерлердің тікелей өздерінің тарапынан әрекет етудің алдында жүзеге асырылады» [20].

Қауіпсіздік ұғымына байланысты бірнеше түсініктемелердің болуына байланысты мынадай қорытындыға келдік: ғалымдардың басым бөлігі ұғымға келгенде қауіпсіздік нысаны мүшелеріне мән береді; қауіпсіздік нысан мүмкіндігі ретінде қарастырылғандықтан, мәні мен сипатын қарастыруда барлық кері әсер сыртқы факторлардан болатындығы байқалды; тұрақтылық жүйесіне бағынған қауіпсіздік тұтастық пен тұрақтылық қағидаларына сүйенеді; адам өмір салтының шарты саналатын қауіпсіздік материалдық және рухани құндылықтарды бағалауға өз септігін береді; ұғымның негізгі мәні материалдық және рухани өмірдегі қауіпсіздіктің жоқтығымен өлшенеді; қатер кез келген қауіптің негізгі нысаны ретінде танылады.

Сондықтан, «қауіпсіздік дегеніміз - ішкі және сыртқы тұрақтылықты қамтамасыз етудегі ұлттық мүддені қамтитын құндылық» деген анықтама ұсынамыз

Жоғарыда аталған пікірлерге сәйкес мәселені түйіндей келе, адамның қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі бірнеше ұсыныстарымыз бар:

*біріншіден*, жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ететін техникалық құралдарды пайдалану. Апатты жағдай туындаған тұста арнайы техникалық құралдар арқылы адам өз өмірін, денсаулығын, материалдық құндылықтарын, қоршаған ортаны сақтай алады;

*екіншіден*, физикалық сенімділік қалыптастыру. Кез келген адам жеке және қоршаған орта өкілдерін өмірін сақтау және қорғануы үшін қарапайым өзін-өзі қорғау әдістерін меңгеруі тиіс;

*үшіншіден*, психологиялық сенімділік қалыптастыру. Қоршаған орта туралы заңдылықтарды меңгеру арқылы қауіпті шарттар жағдайында тиімді өзара қимылдар жүргізуді үйрету. Адам өзін қорғаудың түрлі әдістерін меңгергенмен, оның ішкі психологиялық сенімділігінің ауытқуы барысында даяр емес екендігі айқындалады;



*төртіншіден*, ахуалды болжау. Адамның апатты жағдайды болжауы арқылы шығындарды азайтуға бағытталған қимылдар жүйесі. Болжамды ғылыми тәжірибеде бөлу заңдылықтарына сай ұзақмерзімді және қысқамерзімді деп атап көрсетеміз;

*бесіншіден*, жеке қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі субъективті әдістер қолдану.

Қауіпсіздік туралы осындай түсініктемелер мен анықтамаларды сараптай келе, оның қоғамдық ғылымдар мен техника саласындағы негізделуіне тоқтала отырып, біз бұл ұғымның жалпы концептуалдық жүйесін екі арнада талдап, мынадай тұжырымдарға келдік.

1. Қауіпсіздіктің логикалық-гносеологиялық табиғатына үңіліп, оны жалпы мен жеке қатынасы бойынша сатылары мен ауқымын философиялық тұрғыдан анықтау қажет.

2. Қауіпсіздік құбылысының генезисі жөніндегі көзқарастарға сүйене отырып, түпнегіздерін тармақтап ажырата білу қажет.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ Энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2003. – 5 т. – 18 б.
- [2] Қазақ Совет Энциклопедиясы / Бас редактор М.Қ. Қаратаев. – Алматы, 1975. – 6 т. – 551 б.
- [3] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1982. – 172 б.
- [4] Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық / Құраст. Ә. Ыбырайым, А. Жаңабекова, Қ. Рысбергенова және т.б. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 9 т. – 510-512 бб.
- [5] Бизақов С. Сининимдер сөздігі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 345 б.
- [6] Словарь русского языка: в 4-х томах / АН СССР, Ин-т рус. яз. Под ред. А.П. Евгеньева; 2-е изд., испр. и доп. – М.: Русский язык, 1981. – Т.1. – С. 74.
- [7] Котенов А.А., Лекарев С.В. Современный энциклопедический словарь. Секьюрити. – М., 2001. – С. 35.
- [8] Ожегов С.И., Шведова Н.И. Толковый словарь русского языка. – М., 1995. – С. 38.
- [9] Даль В. Толковый словарь живого великорусского языка: в 4-х томах. – М., 1981. – Т. I. – С. 67-68.
- [10] Политическая энциклопедия. – М., 2000. – Т. I. – С. 104.
- [11] Насырова М.Р., Гуляева С.П. Юридический русско-казахский толковый словарь-справочник / Орысша-қазақша заңдық түсіндірме сөздік-анықтамалық. – Алматы: Жеті жарғы, 2008. – 46 б.
- [12] Военная энциклопедия Казахстана. – Алматы: Білім, 2005. – Т. I. – С. 93-94.
- [13] Қазақстан Республикасының Конституциясы // [Электрондық ресурс]. – Көру режимі: [http://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/constitution](http://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution)
- [14] Киселев И.Ю., Смирнова А.Г. Проблема безопасности в современных международных отношениях. – Ярославль: ЯрГУ, 2005. – С. 27.
- [15] Бек У. Общество риска на пути к другому модерну. – М.: Прогресс-традиция, 2000. – 384 с.
- [16] Гидденс Э. Судьба, риск и безопасность // THESIS. – 1994. – Vol. 5. – С. 107-134.
- [17] Луман Н. The concept of risk // THESIS. – 1994. – Vol. 5. – С. 135-160.
- [18] Штомпка П. Социология. Анализ современного общества / Пер. с польск. С.М. Червонной. – М.: Логос, 2008. – 664 с.
- [19] Кузнецов В.Н. Социология безопасности: учебное пособие. – М.: КДУ, 2009. – 422 с.
- [20] Андреев Н.В. Психологическое обеспечение переговорной деятельности сотрудников ОВД в экстремальных условиях. – М., 1997. – С. 59.

## REFERENCES

- [1] Kazakhstan. Ulttyk Entsiklopediya. Bas red. B. Ayagan. Almaty: Kazakh Entsiklopediyasynyn Bas redaktsiyasy, 2003. 5 t, P. 18. (in Kaz.).
- [2] Kazakh Soviet Entsiklopediyasy. Bas redaktor M.K. Karatayev. Almaty, 1975. 6 t, P. 551. (in Kaz.).
- [3] Kazakh tilinin tusindirme sozdigi. Almaty: Kazakh SSR-nin «Gylym» baspasy, 1982. P. 172. (in Kaz.).
- [4] Kazakh adebi tilinin sozdigi: on bes tomdyk. Kurast. A. Ybyrayym, A. Zhanabekova, K. Rysbergenova zhane t.b. Almaty: Arys, 2008. 9 t, P. 510-512. (in Kaz.).
- [5] Bizakov S. Sininimder sozdigi. Almaty: Arys, 2007. P. 345. (in Kaz.).
- [6] Slovar russkogo yazyka: v 4-kh tomakh. AN SSSR, In-t rus. yaz. Pod red. A.P. Yevgenyeva; 2-e izd., ispr. i dop. M.: Russky yazyk, 1981. T.1, P. 74. (in Russ.).
- [7] Kotenov A.A., Lekarev S.V. Sovremenny entsiklopedichesky slovar. Sekyuriti. M., 2001. P. 35. (in Russ.).
- [8] Ozhegov S.I., Shvedova N.I. Tolkovy slovar russkogo yazyka. M., 1995. P. 38. (in Russ.).
- [9] Dal V. Tolkovy slovar zhivogo velikoruskogo yazyka: v 4-kh tomakh. M., 1981. T. I, P. 67-68. (in Russ.).
- [10] Politicheskaya entsiklopediya. M., 2000. T. I, P. 104. (in Russ.).
- [11] Nasyrova M.R., Gulyaeva S.P. Yuridichesky russko-kazakhsky tolkovy slovar-spravochnik. Oryssha-kazakhsha zandky tusindirme sozdik-anyktamalyk. Almaty: Zheti zhargy, 2008. P. 46. (in Russ., Kaz.).
- [12] Voyennaya entsiklopediya Kazakhstana. Almaty: Bilim, 2005. T. I, P. 93-94. (in Russ.).

- [13] Kazakhstan Respublikasynyn Konstitutsiyasy. Elektronnyk resurs. Koru rezhimi [http://www.akorda.kz/kz/official\\_documents/constitution](http://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution) (in Kaz.).
- [14] Kiselev I.Yu., Smirnova A.G. Problema bezopasnosti v sovremennykh mezhdunarodnykh otnosheniyyakh. Yaroslavl: YarGU, 2005. P. 27. (in Russ.).
- [15] Bek U. Obshchestvo riska na puti k drugomu modernu. M.: Progress-traditsiya, 2000. 384 p. (in Russ.).
- [16] Giddens E. Sudba, risk i bezopasnost. *THESIS*, 1994, 5, 107-134. (in Russ.).
- [17] Luman N. The concept of risk. *THESIS*, 1994, 5, 135-160. (in Eng.).
- [18] Shtompka P. Sotsiologiya. Analiz sovremennogo obshchestva. Per. s polsk. S.M. Chervonnoy. M.: Logos, 2008. 664 p. (in Russ.).
- [19] Kuznetsov V.N. Sotsiologiya bezopasnosti: uchebnoye posobiye. M.: KDU, 2009. 422 p. (in Russ.).
- [20] Andreyev N.V. Psikhologicheskoye obespecheniye peregovornoy deyatel'nosti sotrudnikov OVD v ekstremal'nykh usloviyakh. M., 1997. P. 59. (in Russ.).

## **КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ОСНОВЫ ПОНЯТИЯ «БЕЗОПАСНОСТЬ»**

**М. О. Насимов, К. К. Калдыбай, Б. Ж. Паридинова**

Университет «Болашак», Кызылорда, Казахстан

**Ключевые слова:** опасность, безопасность, природа, общество, человек.

**Аннотация.** В начале XXI века исследования проблем безопасности проводились в различных направлениях - социальном, экономическом, политическом, культурном. Исследователи, наряду с анализом безопасности, стремились раскрыть ее виды.

В процессе глобализации происходит переосмысление проблемы безопасности, на стыке веков появляется новый дискурс. Все это конкретизируется через понимание характера нынешних мировых проблем, связанных с появлением объективных и субъективных факторов, формированием нового мирового порядка, что влияет на изменения глобальной геополитической ситуации. Вместе с тем, то, что современные глобальные, международные проблемы и тенденции представляют опасность для национальной безопасности многих стран, не является секретом.

Поэтому важно создание современной философии национальной безопасности, учитывая новые тенденции в развитии общества, а также принимая во внимание интересы государства, общества и его граждан при осуществлении безопасной политики государства в условиях гармонии международных и национальных факторов. В данной статье безопасность рассматриваются как сложный социально-культурный феномен и определяется его концептуальные основы.

*Поступила 02.10.2015 г.*

## **Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan**

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct ([http://publicationethics.org/files/u2/New\\_Code.pdf](http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf)). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

[www.nauka-nanrk.kz](http://www.nauka-nanrk.kz)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/ru/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов*  
Верстка на компьютере *Д. Н. Калкабековой*

Подписано в печать 07.10.2015.  
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.  
8,9 п.л. Тираж 2000. Заказ 5.